

Локомотив жабдықтарын жеткізудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 наурыздағы N 350 қаулысы

2003 жылғы 19 желтоқсандағы "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы, "Локомотив" акционерлік қоғамы, "Қазтеміржолкөлік" акционерлік қоғамы, АБН АМРО Банк Н.В. және Америка Құрама Штаттарының Экспорттық-импорттық Банкі арасындағы кредиттік шарттың (бұдан әрі - кредиттік шарт) орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановқа "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының бірден-бір акционерлік атынан Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Экспорттық-импорттық банкі арасындағы локомотив жабдықтарын жеткізу туралы шартқа (бұдан әрі - шарт) қол қою тапсырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі кредиттік шартқа сәйкес кепіл заты болып табылатын локомотивтерге билік етуді шектеу жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының өзге де мүдделі мемлекеттік органдары шарттың тиісінше орындалуын қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі